



Дарілік өсімдіктер

- Дәрілік өсімдіктер (лат. *Plantae medicinalis*) , шипалы өсімдіктер – медицинада және мал дәрігерлігінде емдеу және аурудың алдын алу мақсатында қолданылатын өсімдіктер. Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеті олардың құрамында стероид, тритерпен, алкалоид пен гликозидтердің, витаминдердің, эфир майлары мен тұтқыр заттар сияқты түрлі химиялық қосылыстардың болуына байланысты.
- Дәрілік өсімдіктер кептірілген шөп, тұнба, қайнатынды, шай, ұнтақ, т.б. түрінде қолданылады. Дәрілерді дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер бөлек іріктеледі. Дәріні, көбінесе, жабайы өсімдіктерден алады. Көптеген өсімдіктердің емдік қасиеттері бар. Оларды дәрілік өсімдіктер дейді. Осы заманғы кейбір ең таңдаулы дәрілер жабайы шөптерден жасалған.



- Соған қарамастан адамдар пайдаланып жүрген дәрілік шөптердің бәрі бірдей медициналық тұрғыдан өз бағасын алған жоқ, ал ондай шөп қолында барлар кебіне оны қате пайдаланады. Өз өлкеңіздегі осындай шөптерді зерттеуге тырысыңыз және қайсысының емдік қасиеті бар екенін анықтаңыз.

- Кейбір дәрілік шөптер, егер оларды ұсынылғанынан артық мөлшерде қабылдаған жағдайда, өте улы келеді. Бұл орайда, осы заманғы дәрілер әлдеқайда қауіпсіз, себебі олардың мөлшерін оңай анықтауға болады

Өсімдіктердің дәрілік қасиеттерінің негізі

Алкалоидтар


Гликозидтар

Кумариндер

Эфир майлары

Дубильді заттар

Флавоноидтар



■ **Алкалоидтар**- құрамында азотты органикалық қосылыстары бар негізді заттар. Өзінің атын арабтың “алкалис”- негіз және гректің “ейдос”- ұқсас, яғни негізге ұқсас деген сөзінен алған. Қазір алкалоидтардың 2 мыңнан астам түрлері белгілі, олардың 30-нан астамы медицинада қолданылады. Негізінен жүйкені қоздыру және басу үшін қолданылады, қан қысымын көтеріп – түсіреді, сондай-ақ бактерицидті қасиеттері де бар. Өсімдік құрамында 0,2-0,5% мөлшерінде кездеседі. Барбаристің –көкбояу тамырында-ол 15%.

Гликозидтер – қант молекуласы мен гликозидті гидроксилдің басқа химиялық қосылыстар- агликондар немесе гениндермен қосылған күрделі қосылысты зат. Медицинада олар негізінен жүрек ауруларына қолданады. Қазір гликозидтер мен олардың агликондарының 150 түрі белгілі болып отыр. Олар негізінен өте ащы дәмді болып келеді. Ең көп қолданылатыны - **К-строфантин** мен інжугүл жапырақтары-нан алынатын –**конваллятоксин** және кендірдің тамырынан алынатын **цимарин** заттары.

■ Флавоноидтар-

өз атын латынның “флавиум”-сары деген сөзінен алған. Негізен түрлі химиялық қосылыстардан тұратын фенолды заттар. Көпшілік флавоноидтер бактерицидтік, жараны жазу үшін қолданылады. Сондай-ақ ағзадағы радиоактивті заттарды шығаруға қолданылады. Залалсыз бояғыштар негізінде тамақ өнеркәсібінде көп қолданылады.

■ Дубильді заттар –

теріні қатайту, сапасын көтеру мақсатында қолданылады. Өсімдіктерде 10-20% кейде 70%-ке дейін кездеседі екен. Медицинада жараның үстінің тез бітуі үшін және олардың сілемейлі қабатына микроағзалардың түспеуі үшін қолданылады. Кей түрлері улануға қарсы да қолданылады.

■ Кумариндер-

Алғаш рет кумарин Оңтүстік Америкада өсетін кумаруна ағашынан (*Dipterix odorata*) алынған. Ең негізі - кумарин ядросы. Жарықта түсін өзгертетін қасиеттері бар. Медицинада ағзаның өсуіне, қатерлі ісіктің алдын алуға, антибиотиктік қасиеттерімен пайдалы.

Эфир майы - ұшқыр, иісті зат.


Өсімдіктерден алынады. Сезім мүшелеріне тез әсер етіп кейде оң, кейде кері әсер етуі мүмкін.

Медицинада дезинфициялау, бактерицидтік қасиеті және қақырық түсіру үшін пайдаланады, бүйрек пен зәр шығару ағзаларын қоздырады.


Көбінесе басқа иісті басу үшін қолданылады.



**Қазіргі таңда
медицинада
қолданылатын 600-ге
жуық өсімдіктердің
түрлері белгілі.**



Түймедақ гүлі



- Түймедақ гүлімен қабынуға қарсы, антисептиктік қасиеттердің жиынтығын кездестіруге болады. Тек гүлді көлік жүрмейтін, ауылдар мен қалалардан алыс шалғындар мен алаңқайлардан жинау керек.

Оның алғашқы гүлдеген кезі пайдалы, осы кезеңде емдік қасиеті де күшті болады. Түймедақ өттің айдалуына, тәбеттің ашылуына ықпал етіп, аллергиялық компоненттерінің арқасында аллергияға қарсы қолдануға болады. Оны өт жолдарына тас байлану, әйелдердің жыныстық аурулары, тік ішек, асқазан жарасы ауруларына пайдаланса, емі нәтижелі болады.

- Түймедақтың жалпы 350-ге тарта түрі бар. Олардың үштен бір бөлігі Ресей даласында кеңінен кездеседі. Сол түрлерінің ішіндегі ең кең таралғандары: римдік, неміс, далматтық, кавказдық, парсылық түймедақтар. Ежелгі Египетте түймедақ гүлі Күн құдайы Раға арналған.
- Түймедақ адам жүйкесін тыныштандырып, оған түскен ауыртпалықты қалпына келтіреді. Қан қысымын қалыпты жағдайға дейін түсіреді, тағдырдың кейде «сыйлайтын» оқыс жағдайларын жеңіл өткеруге әсер етеді.



Биік андыз





- **Биік андыз (*Inulae helenium*, девясил высокий).**

Сипаттамасы:

Биіктігі 1,5 м-ге жететін, тік сабақты көп жылдық шөптесін өсімдік.

Жапырақтары ірі, сопақша-эллипс пішінді, шеттері бейтегісті болып келеді.

Тамырсабағы қысқа, Жуан, көп басты, диаметрі 6-7 см, тамырсабақтан аз санды тамырлар тарайды, ұзындығы 20 см-ге дейін, жуандығы 2-3 см болады. Гүлдері алтын-сары түсті, диаметрі 7 см-ге жететін ірі себетке жиналған. Себеттерде жалғыздан болады. Шілде-тамызда гүлдейді.

- **Андыз (*Inula*)** – күрделі гүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық, кейде бір жылдық шөптесін өсімдіктер. Қазақстандағы шалғынды алқаптарда, өзен, көл жағасында, жазық және таулы жерлердегі ормандарда 12 түрі өседі. Олардың ішінде ең көп тарағандары – биік андыз (*I. helenium*) және үлкен андыз (*I. grandis*). Бұлардың биіктігі 10-70 см-ден 2.5 м-ге дейін жетеді. Тік сабағына бүтін жиекті жапырағы кезектесе орналасады. Ашық сары түсті гүлі қалқанша тәрізденіп, бір-бірден не топтанып біткен себет гүл шоғырына жиналады. Маусым-шілде айларында гүлдеп, тамызда жеміс береді. Жемісі цилиндр тәрізді тұқымша. Өсімдіктің тамырында жүрекке әсер ететін, қатыну процесін басатын, құрттар мен микробтарды өлтіретін қантты зат – эфир майы, инулин бар. Сондықтан андыз бағалы дәрі-дәрмек алатын өсімдік ретінде пайдаланылады, сондай-ақ тағам өндірісінде және бояу алу үшін қолданылады.

- **Жинау**

- Араласпадан арылтып, тазалап жуып, тураған соң кептіріп алады.

- **Таралуы:**

ТМД елдерінің Европалық бөлігінің Оңтүстік және Орталық аймақтарында, Кавказда, Батыс Сібірде, Орта Азияда өседі. Қазақстанда Семей, Көкшетау, Ақтөбе, Орал, Қостанай, Қарағанды, Шымкент маңайларына өседі. Дайындау аймақтары – Краснодар, Ставрополь өлкелері мен Қазақстан.

-

Дайындалуы:

Тамырлары мен тамырсабақтарын күзде, жемістері пайда болғаннан бастап үсік жүргенге дейін дайындайды. Өсімдік сабағының маңын 20 см радиусында қазады, одан кейін сабағының түбінен ұстап, тік тартып тамырсабағын тамырларымен бірге тартып шығарады. Топырақтан тазартады, суда тез жуады. Тамырлар мен тамырсабақтарды ұзына бойына, ұзындығы 10-15 см, жуандығы 1-2 см болатындай етіп турайды. Шикізатты 2-3 күн бойына ашық ауада қақтайды. Кептіргіштерде, 40° С – тан артпайтын температурада кептіреді

- **Шикізаттың сапалық көрсеткіштері:**

Тамырсабақтары мен тамырларының ұзындығы 2-ден 20 см-ге дейін, жуандығы 0,5 см-ден 3 см-ге дейін болады. Сынған жері бейтегіс. Сырты сұрғылт-қоңыр, іші сарғылт-ақ түсті, хош иісті, ащы дәмді.

Ылғалдығы 13%-дан артпау керек, жалпы күлі 10%-дан артпау керек, солған тамырсабақтар мен тамырлар 5%-дан артпау керек, сынған жерінде қарайған тамырсабақтар мен тамырлар 5%-дан артпау керек. Органикалық қоспалар 0,5%-дан көп болмау керек. Минералдық қоспалар 1% - дан артпау керек.

Химиялық құрамы:

Шикізаттың құрамында 40%-ға дейін инулин болады, эфир майлары және сапониндер бар.

Қолданылуы:

Өт пен асқазанды қуаттандырады, у қайтарып сарай ашады. ауыруды басып, төрелмені тыныштандырады Қақырық түсіретін дәрі ретінде қолданылады. Эфир майының антисептикалық, қабынуға қарсы әсері бар. «Аллантон» препараты асқазан-ішек жарасын емдегенде қолданылады.

Дәрілік препараттары:

Қайпатпа, «Аллантон», «Девять сил» сусыны


ҚАРАНДЫЗ



Бұл — жабайы өсімдіктің бір түрі. Шығыс Қазақстанда өседі. Бронхит және т.б. тыныс жолдары ауруларымен ауырғанда қақырық түсіру үшін тамыры мен тамыр сабағын қайнатып ішеді. Эфир майынан жасалған препараттар антисептикалық дәрі, қабынғанға және іш құрттарына қарсы дәрі ретінде қолданылады.



- **Мия**
Жабайы өсімдік. Тамырынан жасалған дәрілер қақырық түсіруге және ішті жүргізуге, қабынғанға және түйнегенде басуға қолданылады. Глицерром препараты бронхиальді астма, бүйрекүсті бездерінің қызметі төмендегенде, экзема және аллергиялық дерматит т.б. ауруларға қарсы қолданылады. Ликвиридон препараты несеп айдайтын дәрі ретінде қолданылады.



- **Шырғанақ -** жабайы өсімдік. Жемісінің майын күйікке, ойылған жараға, жатыр мойынының эрозиясына қолданылады, сондай-ақ ішкі жара ауруларына қолданылады.



- **Алое**
Жас жапырақтарынан алынған шырыны мен спирт іріңді жараны, күйікті, терінің қабыну ауруларын емдейді. Алоенің шырыны созылмалы іш қату ауруына да қолданылады. Алоеден дайындалған биостимулятор препараты ауру организмнің қорғану функцияларын күшейтеді. Кептірілген сығындысынан алынған спиртті тұндырмасы немесе құрғақ экстракты іш жүргізетін дәрі ретінде қолданылады. Сондай-ақ асқазанның тамақ сіңіру жұмысын жақсартады және тәбет көтереді.




- **Жалбызтікен**
Дәрілік жалбызтікен — жабайы өсімдік.
Тамырынан жасалатын тұнбасы және шырыны, сығындысы тыныс жолдарының ауруларын, трахея, бронхитті емдеуге, қабынуға қарсы және қақырық түсіретін дәрі ретінде қолданылады, сондай-ақ іш бұзылуын, гастритті және энтеро-колитті емдеуге пайдалы.

Лалагүл



Өсімдіктің гүлдеу мерізімі - маусым-шілде, ал жеміс беруі - шілде-тамыз айларына сәйкес келеді. Халық медицинасында пиязшықтың қайнатпасын жүйке және бауыр ауруларына, ал шикі күйінде - ревматизм мен түрлі жараларға қолданылады. Бұл өсімдіктен сонымен қатар маталарды бояйтын қара бояу алынады.

Алтай Сібір



Алтай эндемигі болып табылатын ерекше бұта. Жекелеген гүл шоғырына жинақталған біржынысты гүлдер. Сібір бұтасы мамыр - маусым айларында гүлдеп, шілде - тамызда жеміс береді. Жапырақтарын кейде шайдың орнына, ал халық медицинасында безгек, бауыр ауруы (гепатит) жүрек - қантамыр жүйесін емдеуге пайдаланады.

Алтын тамыр



Жер асты бөлігінің жағымды иісі бар, қызғылт - сары болып келеді. Сондықтан «алтын тамыр» немесе «қызғылт тамыр» деп атайды. Мамыр - маусым айларында гүлдеп, шілде - тамызда жеміс береді.

Тамырынан дайындалған препараттар ми және жүрек қызметін қалпына келтіру мен жұмысқа деген қабілетін арттыру үшін қан аздықты, ісікті, қант диабетін емдеу үшін пайдаланылады.



- **Меңдуана**

Құрамында орталық жүйке жүйесін тітіркендіретін алкалоидтары бар, ол көз қарашығын үлкейтіп жібереді, сондықтан көзге операция жасау кезінде өте қажет.



- **Таңқурай**

Кептірілген жемістері тершығаратын, суық тигенде терлететін дәрілердің құрамына кіреді. Өте ащы дәрілердің дәмін басу үшін да кеңінен қолданылады.

Інжугүл (ландыш)

Інжугүлдің гүлдері қатты жүрекқағысын басатын тамшылар дайындауға қолданады..



Итмұрын



Шиповник коричный

Көптеген халықтарда итмұрын тұрмыстық және қасиетті өсімдік. Оның гүлдерінен қалыңдықтарға гирлянды тіккен, әйелдер және қыздар өздерін ашық тұқымдарымен әрлеген. Славян халықтарында итмұрын әдеміліктің, жастықтың, махабаттың символы болып табылады.



Итмұрынның ерекшелгі – бағалы витаминдере бай, жемісі және одан дайындалған дәрі-дәрмектер медицинада негізінде асқазан және бауыр ауруларын емдеуге қолданылады, гүлдерін шайдың орнына пайдалануға болады, күлтелерден дайындалған эфир майы – парфюмерия өндірісінде пайдаланылады.

Чистотел



Это растение называют еще «бородавочник», что связано с использованием его сока в народной медицине при кожных заболеваниях: им выводят бородавки.

Млечный сок у чистотела желтого цвета, отсюда и еще одно название — «желтомолочник».

Трава чистотел – целая аптека!

И если «лук от семи недуг», а «девясил дает девять сил», зверобой — бальзам от 99 хворей, то чистотел — русский женьшень и лечит более 250 болезней.



Лопух, репейник




Лопух – известный двулетник из семейства сложноцветных. Широко распространен как сорняк.

В пищу применяют молодые корневища растения первого года жизни, которые весьма популярны в качестве продукта питания во Франции и Бельгии, в США и Китае.

Применение лопуха при различных болезнях

- Лопух обладает противовоспалительным, ранозаживляющим, кровеочистительным, мочегонным, потогонным действиями, регулирует обмен веществ. Поэтому находит широкое применение при лечении различных заболеваний: желудочно-кишечных, печени, почек.
- Употребляется при ревматизме, золотухе, сахарном диабете.
- Моют голову в отваре лопуха для улучшения роста волос, избавления от перхоти.

ТЫСЯЧЕЛИСТНИК ОБЫКНОВЕННЫЙ



Оның препараттары
Асқазанның түрлі
ауруларында, ішкі
және сыртқы қан
кетулерде
қолданылады.


Адыраспан







Жемістерде емдік қасиеттерді иеленеді.



• **Кәдімгі өрік (*Armeniaca vulgaris*, абрикос).**

Сипаттамасы:

Биіктігі 3-10 метрге жететін ағаш. Діңгегінің диаметрі 25-30 см-ге жетеді. Жиі бұтақталған, бұтақтары жалаңаш.

Жапырақтарының ұзындығы 6-9 см, жалаңаш, кең жұмыртқа және эллипс пішіндес, жиектері майда тісті, сағақтары қою қызыл түсті. Жапырақ жаймай тұрып гүлдейді. Гүлдерінің саны көп, ақ немесе қызғылт түсті. Жемістерінің түстері сарыдан қызылға дейін болады.

Таралуы:

Жабайы түрде Орта Азияда, Солтүстік – Шығыс Қытайда, Дағыстанда кездеседі. Таулардың құрғақ, тастақ етектерінде тоғайланып өседі.

Қазақстанның таулы аудандарын теңіз деңгейінен 800-1900м биіктікте өседі. Іле Алатауы, Кіші Алматы өзенінің жағасында, Талғар, Түрен аймақтарында жиі кездеседі.





Дайындалуы:

Шайырлар өріктің діңгегінде, бұтақтарында ағып жиналды. Орта Азияда кейбір ағаштардан 0,5 кг-дан 1,5 кг-ға дейін жинап алуға болады. Қағаз бетіне жайып қойып, жақсы желдетілетін бөлмелерде кептіреді

Химиялық құрамы:

Өрік шайырының құрамына 16% глюкозон қышқылы, 44%-ға дейін галактоза, 41%-ға дейін арабиноза кіреді, белоктық заттар 0,6%-дан аспайды.

Шикізаттың сапалық көрсеткіштері:

Өрік шайырының кесектерінің үлкендігі әртүрлі болады, сыртқы формалары да әртүрлі: майдалары тамшы және сүңгі тәріздес, ірілері шар және жентек тәріздес болады. Жаңа жиналып алған шайыр ақшыл-сары түсті, мөлдір болады, ескі кесектері Сары – қоңыр түсті болады, мөлдір болмайды.

Қолданылуы:

Эмульгатор ретінде эмульсиялардың ондірісінде қолданылады.

Балтабай Әйгерім
Б-14-1п/я оқу тобы

The image features three white daisies with bright yellow centers, arranged on a bed of large, vibrant green leaves. The background is a clean, bright white. The text is overlaid on the upper left portion of the image, partially covering the top daisy.

• Назарларыңызға
рахмет!!!